

**МКҚК №53 «Ер-Асыл» бөбекжай бақшасы
музыка ұйымдастырылған оқу қызметінің
«Жауқазын» мектепалды даярлық тобы
технологиялық картасы
2020-2021 оқу жылы**

Саз жетекшісі: Турдалиева У

Шымкент

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

02.09.2020/04.09.2020

№ 1-2 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің балабақшам» **Мақсаты:** Музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту. Домбырада орындалатын күй жанрымен таныстыру, күйші-композитор Дәулеткерей шығармашылығымен таныстыру

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекет
Мотивация-қозғаушы күш	<p>Балаларды музыка залында көңілді қарсы алады. Амандасады. Шаттық шеңберін құрып, бір-біріне жылы лебіздерін, алақандарының жылуын жеткізу.</p> <p>-Міне, бүгін жазғы демалыс аяқталып, оқу іс-әрекетінің басталған күні. Бір жасқа үлкейіп, өсіп, жаңа топқа келіп отырсындар. Қадамдарың құтты болсын, дендерің сау болып өсе беріңдер!</p>	<p>Балалар көңілді әуенмен кіреді. Амандасады.</p> <p>Балалар жазғы демалыстары туралы әңгімелеп береді.</p>
Ұйымдық-іздігіру	<p>-Балалар бүгін алғашқы білім күні. Осы кезден дүниені жан жақты тани, көре, сезіне білулерін қажет. Біздің қазақ халқы кең далада жүріп, қазақтың киелі аспабы-домбырамен ұшқан құстың, табиғаттың, адамның бойындағы түрлі құбылыстарды ұғындыра білген. Күй-қазақтың ертеден келе жатқан аспаптық музыкасы. Музыка тыңдау: "Қосалқа" Дәулеткерей.</p> <p>-Балалар, музыка қандай көңіл күйде жазылған?</p> <p>-Күйді ести отырып, көз алдарына нені елестеттіңдер?</p> <p>-Күй тыңдай отырып, белгілі бір оқиғаны елестетуге бола ма?</p> <p>Бұл күйде композитор әсем көріністі суреттеген. Сыңғырлаған қыздардың шашбауын, сырғаларын, әсем жүрістерін суреттеген.</p> <p>Ән айту: «Мен бақшаға барамын» Т.Тайбеков «Білімнің - бұлағын» Т.Қоңыратбай-Білім деген сөздің өзі дүниені, әлемді, табиғатты тану, білу. Білімді адам - жан-жақты адам. Көп үйрену, көп білу-сауаттылықты арту. Бұлақ-таусылмайтын ағын су. Сондай білімді болу қажет. Ән айтар алдында дауысты қалыпқа келтіріп, ән айту</p>	<p>Балалар домбыра туралы, күй туралы мәліметтер алады.</p> <p>Балалар музыканы тыңдап болған соң, өз әсерлерін жеткізуге тырысады.</p> <p>Балалар білім туралы білгендерін жеткізуге тырысады. Бұлақ сөзінің мағынасын естерінде сақтайды.</p>

	<p>ережелерін естен шығармайық.</p> <p>Ойын: "Айгөлек". Балалар екі топқа бөлініп, қол ұстасып, бір-біріне қарама-қарсы тұрады. Жеребе бойынша бір команда ойынды бастайды. Әнді кезектесіп айтып, бір баланы шақырады. Ол бала жүгіріп келіп, ұстасқан қолдарын үзіп өтсе, қолдарын жіберген екі баланың бірін өзімен ала кетеді. Егер қолдарын үзе алмаса, сол топқа қалады. Қай топқа бала көп қалса, сол топ жеңіске жетеді.</p> <p>Би: "Жүптасу биі". Балалар жұппен қимыл жасап, әуенді тыңдай отырып, әуенге ілесе қимылдар жасайды.</p>	<p>Балалар екі топқа бөлініп, ойынның мәтінін әуенмен айта жүріп, ойынды жалғастырады.</p>
Рефлексстік-түзету	<p>-Бүгін қандай күн?</p> <p>-Бүгін қандай музыка тыңдадыңдар?</p> <p>-Күй дегеніміз не?</p> <p>--Бүгінгі іс әрекеттің қай түрі сендерге ұнайды?</p>	<p>Балалардың жауаптары.</p>

Күтілетін нәтиже;

Білу: білім не үшін керек екенін, білімді адам қандай болатынын біледі.

Игереді: "білім", "бұлақ" деген түсініктерді.

Меңгереді: халық әуенін орындай отырып, қимылды ойын ойнауды, жұптаса би қимылдарын жасау дағдыларын.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д «Жауқазын»

09.09.2020/11.09.2020

№ 3-4 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка **Тақырыбы:** «Менің достарым» **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін, әсерлі реңктерін ажырату. **Көрнекіліктер:** Балабақша өміріндегі балалардың қол ұстасқан суреттері, бес сызық, бес сызыққа орналасқан нота суреттері.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Көңілді әуенмен музыка залында қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесе, аяқты жеңіл көтеріп жүгіру. Шаттық шеңберін жасау. -Біз сөзді оқығанда бір-біріне қосып, сөздерді байланыстырып оқимыз. Ал ән салғанда әнді нотамен айтамыз. Нота дегеніміз-музыка дыбыстарын қағаз бетіне жазатын белгі. Ән нота арқылы жазылады. Нотаның астына әннің сөзін жазып, оны айтамыз.	Балалар музыка әуенімен залға келеді. Амандасады. Шаттық шеңберін жасайды. Балалар нота сауаты туралы мағлұмат алады
Ұйымдық-іздігіру/ Организационно-поисковый	Музыка тыңдау: "Гүлдерайым". (қазақтың халық әні)"Гүлдерайым"- лирикалық ән. Бұл арманына жете алмаған жігіттің әні. Халық өзінің жақсы көретін адамына. атына, жер-суға арнап ән жазған. Ол әндер ауызша айтылып, әнді шығарған кісі ұмыт қалып, бұл әндер "халық әні" аталып кеткен. Ән айту: «Достық»(Өлеңін жазған: Е. Елубаев; музыкасын жазған: И. Нүсіпбаев)Әннің мәтінін әуенге қосып үйрету. Дидактикалық ойын: "Ноталарды үйренейік. Сольфеджио". Балаларға нота туралы мәлімет бере отырып, нотаның орналасуына байланысты нота дыбысын табуға дағдыландыру. Би: "Жұптасу биі". Өткен сабақтарда үйреткен қимылдарды қайталап, жаңадан келесі бөлігін жалғастырып, қорытындылау, есте сақтау. Қиын қимылдарды көбірек жаттығу.	Халық әні туралы хабардар болады. Неліктен "халық әні" аталғанын ұғынады, түсінеді. Әннің не туралы айтылғанын түсініп, нота аттарын естеріне сақтауға талпынады. Би қимылдарын ырғаққа сәйкес жасауға ұмтылады. Жұптарымен бірге қимылдайды.:
Рефлекстік-түзету/ рефлексивно-корректирующий	-Бүгін қандай ән тыңдадық? -Кім туралы? -Әнде не туралы айтылды? -Музыкада неше нота бар?	Сұрақтарға жауап беруге талпынады.
	Атаңдар. -Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі көбірек ұнады? Қорытындылау, бағалау, марапаттау.	

Күтілетін нәтиже:

Білу: нота туралы мағлұматтарды.

Игереді: нота, нота сызықтары туралы түсініктерді.**Меңгереді:** нота туралы түсініктерді ұғына отырып, ойнаудағылары қалыптасады.

әдіскер: *Әсет Рамағанаев*

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
16.09.2020-18.09.2020

№ 5-6 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Сүйікті ойыншықтарым ойын мен ойыншықтар »

Мақсаты: ән арқылы балалардың бойында адамгершілік, инабаттылық сезімдерін ояту. Би музыкаларын ажыратуға үйрету.

Көрнекіліктер: бақытты балалардың бейнелері салынған суреттер.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Музыка әуенімен балаларды залда қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен шаттық шеңберіне тұрып, Жер-анаға, Күнге, досына жылы лебіздерін жеткізеді. -Әсем киімдер киіп, мына бұралған бишілерді концерттен, теледидардан көріп жүрсіңдер. Би-ұлттық би, халықтар билері болып бөлінеді.	Балалар әуенмен залға келеді. Амандасады. Қайырлы таң, алтын күз! Қайырлы таң, Жер-ана! Қайырлы таң, туған жерім! Қайырлы таң, жан досым!
Ұйымдық-іздігіру	-Балалар, бүгін біз сол билерден үзінді тыңдаймыз. Музыка тыңдау: Б. Жүсіпалиевтің «Қуыршақтың мұңы» Ән орындау кезінде ережелерді естен шығармай, бірін-бірі тыңдап орындау. Ән үйрену: «Ойыншықтар» әні. (әні: И. Сапарбаев)-Әнде не туралы айтылған?-Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе?-Көңілді әндерді мажорлы, көңілсіз әндерді минорлы деп білеміз. Біздің шырқаған әніміз қайсысына жатады?Әннің мәтінін қайталап,әуенге ілесе айту. Ойын: "Ән салған кім?" А.Райымқұлов, А.Асылбек.Балалар шеңберді айнала отырады. Бір бала шетте, балаларға арқасын беріп отырады. Балалардың жеке ән салғанын тыңдап, кім екенін ажырату. Отырған бала ән салған баланың	Көңілді және көңілсіз әндерді ажыратуға тырысады. Дауыс тембіріне сай достарының дауыстарын дәл табуға тырысады. Би қимылдарын ырғаққа сай жасауға талпынады.

	дауысын таныса, орын ауыстырады.	
Рефлексстік-түзету	-Балалар, бүгінгі іс-әрекетімізде қандай музыка тыңдадық? -Әнде не туралы айтылды? Ойынды жақсы ажыратқан баланы ерекше марапаттау. Қортындылау, бағалау.	

Күтілетін нәтиже:

Білу: дауыс тембіріне сәйкес балалардың дауыстарын ажырата біледі.

Игереді: вальс, полька, қамажай, туралы ұғымдарды.

Менгереді: түрлі би элементтеріне сай қимыл жасауды.

Әдіскер: Аманжолжанова А.

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

22.09.2024.09.2020

№ 7-8 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка **Тақырыбы:** «Бақшадағы Жихаздар»

Мақсаты: Қазақтың қасиетті аспабы домбыраны қастерлей білуге, күй құдіретін түсіне білуге ұмтылдыру, Әнді тыңдап, сезіне білуге, ән мазмұнына әңгімелеп айтуға дағдыландыру, дыбыс биіктігі, тембрі туралы ұғымын қалыптастыру.

Көрнекіліктер: қазақтың ұлттық аспабы домбыра, металлофон, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балаларды музыка залында музыка әуенімен қарсы алады. Амандасады. Шеңбер бойымен жүріп, шаттық шеңберін жасау.	Балалар музыка үніне ілесіп шеңбер бойымен жүреді. Амандасады. Шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдық-іздестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Бір бала ортаға шығып, түрлі қимылдарды көрсетіп тұрады, балалар айнаның көрсеткен қимылдарын музыкаға ілесіп жасайды. Музыка тыңдау: «Келіншек» халық күйі (өңдеген Б. Дәлденбай). Балаларға күй мағынасын түсіндіру. Қазақтың ұлттық аспабы домбыраны көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Домбыра сазы» (И. Нүсіпбаев). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әнді асықпай, мәнеріне келтіріп орындау керек. Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Қос дабыл» (А. Райымқұлова). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Ұйықташы, бөпешім» (В. Агафонников). Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	Балалар күз туралы білгендерін әңгімелеп беруге тырысады. Әннің не туралы айтылғанын ұғып, соған орай жауап береді. Балалар композитор туралы мағлұматты тыңдап, күйден алған әсерлерін әңгімелеп беруге талпынады. Би өте көңілді, жеңіл, ойнақы биленеді. Балаларды екі түрлі дыбысты ажырата білуге ұмтылдыру.
Рефлексік-түзету	-Балалар, біз қандай жыл мезгілі туралы айттық, қандай композитормен таныстық? -Қандай күй тыңдадық? Ол күй не туралы?	Жалпы іс-әрекеттен алған әсерлерін айтуға тырысады

	-Қандай аспаппен таныстық.Қортындылау.	
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу:фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жеке немесе топпен әндерді орындайды**Игереді:** домбыраның, күй үнінің ерекшелігін түсінеді**Меңгереді:** әуенге лайық қимылдарды жасайды, ойын кезінде қолданады, аспаптарда ойнайды.

Әдіскер: *Аманжол* Қасымжановна

Өтілетін күні:
07.10.2020/09.10.2020

Тобы: М.А.Д «Жауқазын»

№ 9-10 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Менің отбасым, ата-аналар еңбегі»

Мақсаты: Әуенге ілесе отырып, ырғақты сақтап аспапта ойнауға дағдыландыру. Отбасы мүшелеріне деген сыйластықты дамыту. **Көрнекіліктер:** Отбасы мүшелерінің суреттері..

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қол ұстасып, баяу тербеледі. Айналып, орнын ауыстырады.	Балалар залға кіріп, амандасады, күзгі көріністі көріп тамашалап қызықтайды. Қуана келісіп, қатарласып, марш екпінімен жүреді.
Ұйымдық-іздістіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Шеңберге тұр» (Л. Бетховен). Балалар шеңберде тұрып, бір-бірінің қолынан ұстап ортаға жиналып, кері қайтып, қимылдар жасайды. Кіріспе әңгіме. Балалармен отбасы мүшелері туралы әңгімелесу. - Сендер отбасы дегенді қалай түсінесіңдер? - Отбасы мүшелеріне кімдер жатады және олар қайда тұрады? Музыка тыңдау: «Жан анам» (Е. Өміров). Әнді тыңдап, әнде кім туралы айтылып отырғанын сұрау. Ән айту: Біздің атай» (Қ. Қуатбаев) Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Әннің мазмұнына тоқталып, әуенді дұрыс айтуына көңіл аудару. Өткен оқу қызметінде үйренген әнін еске түсіру, «Бесік жыры» И. Нүсіпбаев) сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Тырнарлар биі» (Д. Абиров).. Ойындар, хороводтар:	Күзгі көріністі тамашалап әңгімелейді. Шешуі: Жапырақ Әуенді тыңдап, әсер алады. Мұнд, баяу, лирикалық әуен Фраза арасында дұрыс тыныс алуды үйренеді. Әнді нақышына келтіріп, хормен және жеке дауыста орындайды. Жаңа әнді тыңдап, алған әсерлері туралы әңгімелейді. Ән авторлары мағлұмат алып, шығармалары туралы естіп ұғынады. Балалар екі топқа бөлініп, екі бұрыштан шығады. Жеңіл, құстарға тән қимылдар жасайды. Екі

	«Төлдер» (Д. Ботбаев).Педагог ойын шартын түсіндіреді.Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В. Агафонников). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	шеңберде жүруді үйренеді Сұрақтарға белсене жауап береді. Ойын шартын сақтап, ұйымшылдықпен қатысады.
Рефлексстік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінде кімдермен таныстық? - Өз отбасың туралы не айта аласың	Балалар қойылған сұрақтарға жауап береді. Үйренген әндері, тыңдаған әуендері туралы өз ойларын жеткізеді.

Күтілетін нәтиже:

Білу: ән орындайды, музыканың сипатына сәйкес қимылдар жасайды.

Игереді: ән мазмұнын түсінеді

Менгереді: үйренген дағдыларын іс жүзінде қолданады, аспаптарда ойнайды

Әдіскер: Асият Рахметова

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
13.09.2020\15.09.2020

№ 11-12 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық **Бөлім:** Музыка

Тақырыбы: «Менің көше» **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату. **Көрнекіліктер:** күзгі жайлауды бейнелейтін суреттер, слайдтар, көрмелер.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	"Қазақ маршы" А.Затаевич ойналып, балаларға марш екпінін сезіне шеңбер бойымен жүруді ұсынады.	Балалар көңілді әуенмен кіреді. Амандасады. Шеңбер бойымен нық баса адымдап жүреді.
Ұйымдық-ізвестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Марш екпінімен тізені көтере адымдай басуды, бірге қимылдауды үйрету. Педагог балалармен күзгі серуен туралы әңгіме өткізеді. Музыка тыңдау: «Қазан» (П. Чайковский). Балаларға музыканы тыңдатып, күздің қандай құбылыстарын елестете алғанын сұрау. Ән айту: «Күзгі әуен» (А. Досмағанбет). Педагог әнді орындайды. Үйренген «Балдырғандар әні» әнін (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Шабандоздар биі» (үнтаспада «Жұмыр қылыш», «Билеп үйренейік» жинағынан). Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, еске сақтауға үйрету. Ойындар, хороводтар: Ән-ойын "Етек-етек" (Т. Сарыбаева). Ойын шартын түсіндіріп, атрибуттарды пайдаланып ойнау. Қызығушылықтарын арттыру. Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өндеген Б. Дәлденбай). Балаларды музыкалық ұрмалы аспаптарында әуен ырғағымен еркін ойнауға үйретуді жалғастыру.	Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу Әннің мазмұнына көңіл бөліп, күз көріністерін елестету, шумағын жәй, сабырмен орындау.
Рефлексік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Балалар, бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі ұнады?	Балалар көтеріңкі көңіл күймен қоштасып, шығып кетеді.

Күтілетін нәтиже: Білу: дауысын дұрыс келтіріп, ән орындайды

Игереді: музыка сипатына сәйкес қимылдарды өзгерту

Меңгереді: әнді динамикалық белгілеріне сай айта алады, ән әуенін тыңдап, мазмұнын

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

20.10.2020/22.10.2020

№ 13-14 Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік»

Мақсаты: Жолда жүру ережелерін есте сақтауға, жол белгілерінің неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету. Музыканы тыңдап, жуан жіңішке дыбыстарды ажырату. Әнді мәнерлеп

Көрнекіліктер: Бағдаршам суреттері, жол белгілерінің суреттері. Таспа.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	"Вальс" әуенімен балаларды қарсы алып, ырғаққа ілесе, аяқ ұшымен жеңіл жүгіруді, екеуден қол ұстасып айналу, бір орынға ырғақты сезіне тербеліп, қол ұстасып шеңбер бойымен жүруді	Әнді тыңдай жүріп, жеңіл жүгіреді, қол ұстасып айналады. Ырғақты сезіне тербеліп, жеңіл шеңбер бойымен жүреді.
Ұйымдық-іздігіру	Ән тыңдау: «Көліктер дауысы» Дауыс жаттығуы: «Жоғары - төмен» Ән айту: «Бағдаршам» (С. Қалиев) Музыкалық – ырғақты қимыл: «Бағдаршам» би қимылдары	Дауыс жаттығуларын таза орындауға дағдыланады. Тақпақты бірге қосыла қайталап, қимылдарын көрсетеді. Балалар сұрақтарға жауап береді Саусақтарын тырсылдату арқылы жаңбыр тамшыларын, шапалақмен жаңбырдың қатты және ақырын жауған тамшылар дыбысын салады. Динамикалық белгілерін есте сақтауға тырысады.
Рефлексітік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі ҰОҚ-да не ұнады?	Балалар сұрақтарға жауап береді. Оқу іс-әрекетінде үйренгендерін еске сақтауға талпынады.

Күтілетін нәтиже: Білу: естіген әннің сипатын, екіпінін, динамикасын ажыратуды, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуді.

Игереді: Жолда жүру ережелерін есте сақтауға

Меңгерді: әуеннің ауыспалы сипатын ажыратуды, әннің көңіл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

Әдіскер: 

Өтілетін күні:

27.10.2020./29.10.2020

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Алтын күз»

Мақсаты: Күзгі бақшада мол астыққа кене ліп, күз байлығын түсіндіру. Музыканың динамикалық түрлерін ажырату, әр түрлі жанрлар түсініктерімен танысу. Би элементтерін музыканың бояуымен сезініп жасау

Көрнекіліктер/материал: күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттер.

Қажетті құрал-жабдықтар: металофон аспабы, қолшатырлар.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	"Вальс" әуенімен балаларды қарсы алып, ырғаққа ілесе, аяқ ұшымен жеңіл жүгіруді, екеуден қол ұстасып айналу, бір орынға ырғақты сезіне тербеліп, қол ұстасып шеңбер бойымен жүруді.	Әнді тыңдай жүріп, жеңіл жүгіреді, қол ұстасып айналады. Ғырақты сезіне тербеліп, жеңіл шеңбер бойымен жүреді.
Ұйымдық-іздестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Көңілді балалар» литва халық әуені (өңд. Т. Ломова).. Музыка тыңдау: «Жаңбыр шақыру» (Д. Ботбаев). Әуендегі жаңбыр дауысын, тамшылардың дыбысын балаларға сезіндіру. Күзгі жаңбырды бейнелейтін суреттерін көрсету. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Жау, жау, жаңбыр» (К. Дүйсекеев). Педагог өлең жолдарын оқиды. Күркіреді күн, күн, Терезелер шың, шың, Жауды жаңбыр төк-төк, Шелек-шелек көп, көп. Жон арқанды тос, тос, Күнбағыс, тез өс, өс. Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әуеннің сипатын, екпінін, көңіл күйін ажырату. Балалардан жаңбырдың қандай пайдасы бар екенін сұрау. Әнді көңілді, жеңіл айтуға жетелеу. Үйренген «Күзгі әуен» әнін (А. Досмағанбет) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен	Балалар музыканы тыңдайды, көңілді ырғақпен тізені жоғары көтеріп секіреді, серіппе жасайды, шапалақтайды, аяқ топылдатады Күз ерекшеліктері туралы әңгімелеу. Жауын жауған кезде тағы қандай құбылыстардың болатынын сұрап, жауаптарын толықтыру. (Найзағай жарқылдап, күн күркіреді). Дауыс жаттығуларын таза орындауға дағдыланады. Тақпақты бірге қосыла қайталап, қимылдарын көрсетеді. Балалар сұрақтарға жауап береді Музыка әуенінің ауысуына балалардың тез

	орындауға баулу. Билер: «Көңілді қолшатырлар биі» (педагогтің таңдауымен ұнтаспада). Қолшатырдың көмегімен балалар жаңбырдан қалай қорғанатынын би қимылдары арқылы көрсетуге тырысады. Ойындар, хороводтар: «Күн мен жаңбыр». Педагог ойын шартын түсіндіреді.	бейімделуін қадағалау Саусақтарын тырсылдату арқылы жаңбыр тамшыларын, шапалақмен жаңбырдың қатты және ақырын жауған тамшылар дыбысын салады. Динамикалық белгілерін есте сақтауға тырысады.
Рефлекстік-түзету/	-Күз мезгіліндегі құбылыстарды айтып беріндер. -Неліктен күзгі жаңбыр мұңды көңіл күй сыйлайды? -Қай композитор туралы естіп, білдіңдер? -Сендерге күзгі жаңбыр ұнай ма? Неліктен?	Балалар сұрақтарға жауап береді. Оқу іс-әрекетінде үйренгендерін еске сақтауға талпынады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: естіген әннің сипатын, екпінін, динамикасын ажыратуды, табиғат құбылысын музыкамен байланыстыра білуді.

Игереді: мәнерлі қимылдарды орындайды, ойынға қатысады, қолшатырмен би билейді.

Меңгереді: әуеннің ауыспалы сипатын ажыратуды, әннің көңіл күйін өз эмоцияларымен көрсете білуді.

Әдіскер: Асият Жамалова

Өтілетін күні:

03.11.2020/05.11.2020

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Өзім туралы» Мақсаты: таныс шығармаларды кіріспесінен, үзіндісін тануға, ән мазмұнына сай биде, ойында мазмұнын жете түсінуге, есту қабылетін дамытуға баулу. Көрнекіліктер: музыкалық аспаптар, металлофон, нота хрестоматиясы

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбандап, қасқырдай ырылдап жүреді. Музыка ауысқанда өз беттерінше жаңа әуенге ілесіп қимылдар жасайды.	Балалар би қимылдарын әуенмен үйлестіре билейді. Бірнеше қимылдарды ойлап табады.
Ұйымдық-іздігіру	Домбырам күмбірлеп, күй шерте аламын, Бұрала би билеп, сурет те саламын, – деп, «Біз өнерпаз баламыз» атты шағын концерт ұйымдастыру. Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай).. Музыка тыңдау: «Балдырғандар маршы» (К. Қуатбаев).. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Балдырғандар әні» (Г. Жотаева). Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену. Үйренген «Біз бақытты баламыз» әнін (Ә. Қонысбеков) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Еркебұлан» («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Соқыртеке» (Е. Хасанғалиев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Ортада – «соқыртеке».. Музыкалық аспапта ойнау: «Атқа мініп шабамыз» (В.	Балалар Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру Балалар музыка тыңдап, сипаты туралы сұрау, әуенді тыңдап, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Балаларға бидің қимылдарын көрсету, өз беттерінше жасатып үйрету, әуенге қосылып 1-2 қимылдарын үйрену. Балалар бір-бірінің қолынан ұстап, шеңбер жасап тұрады, 3-4 бала шеңбердің сырт жағында тұрады.

	Агафонников). Алдымен балаларға әуенді ойнап, қандай музыкаға ұқсайтындарын сұрау. Балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап отырып, әуенге ілесе ұрмалы аспаптарымен ойнайды.	
Рефлексстік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгін қандай музыка тыңдап, қандай ән үйрендік? Сендерге осы оқу қызметінің қай бөлімі көбірек ұнайды?	Оқу іс-әрекетінде өткен, үйренген әндер, әуендері туралы қызыға әңгімелейді.

Күтілетін нәтиже:

Білу: ән орындайды, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажыратады.

Игереді: музыкалық аспаптарды дыбыстарынан ажырату түсінеді.

Менгереді: музыкаға сәйкес қимылдар орындайды, билейді

Әдіскер: Асият Жантөле

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
10.11.2020/12.11.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Дұрыс тамақтану»

Мақсаты: музыкалық шығармаларды сипатына қарай ажырата білуге дағдыландыру.

Көрнекіліктер: Дәрумендердің суреттері

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Жетекші балаларға Б.Дәлденбайдың "Мерекелік марш" әуенімен	Балалар "мерекелік маршты" тыңдауға, ырғағын сезінуге тырысады..
Ұйымдық-іздігіру	Ән тыңдау: «Апорт» (Қ. Әбділдинаның орындауында) Ән айту: «Мен алманы жақсы көремін» Музыкалық ырғақты қимыл: «Биге шақыру» (А.Токсанбаев) Викторина: "Аспаптардың дыбысын ажырат". Би: Көкіністер	Дауыс жаттығуларын ілесе таза айтуға талпынады Балалар ойынға қатысады, жауап беруге тырысады.
Рефлексітік-түзету	Үрмелі аспаптардың дауысын ажыратады, атын атап айтады. Балаларды жақсы қатысқаны үшін мақтайды, бүгінгі сазды әуеннен алған әсерін бейнелеу арқылы жеткізуін тапсырады.	Балалар ойынға қызыға қатысады, есіне түсіреді. Аспаптардың дауысын ажыратып, атын айтуға тырысады.

Күтілетін нәтиже: **Білу:** музыкалық шығармаларды тыңдап, сипатын ажырата білу керек. Әнді мәнерлеп айта біледі.

Игереді: дидактикалық үлестірмелі текшелерді пайдалана білуді, аспаптарды тыңдап, дауысын ажырата білуді, аспапта ойнауды.

Меңгереді: музыканы тыңдап, би ырғақтарына қимылдауды.

Әдіскер: *Аманжол*

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
17.11.2020/19.11.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка **Тақырыбы:** «Өзіңе және өзгелерге көмектес» «Көңілді

ырғақтар» **Мақсаты:** Музыка сипатын ырғақты жүріспен, музыканың ширақ сипатын

жеңіл, ырғақты жүгіріспен беру **Көрнекіліктер:** би жанрлары, бишілердің суреттері

бейнеленген иллюстрация, балалар музыкалық аспаптары - бубендер мен металлофондар,

нота хрестоматиясы

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балалар музыка залына көңілді әуенімен кіреді. Жүру, жүгіру.	Бірі бірге қосылып, сәлемдеседі.
Ұйымдық-іздестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Биімді қайтала» (ұнтаспада, педагогтің таңдауымен).. Музыка тыңдау: «Вальс» Қ. Шілдебаев, «Полька» М. Красев, «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев). Балаларға би туралы мәліметтер беріп, бидің түрлерінен үзінділер тыңдату. Билер ұлттық билер, көңілді полька биі, шыр айнала билейтін вальс болып бөлінеді. Вальс биінде жұптасып, қалықтап айналып билейді, полькада аяқты тізеден көтере жеңіл секіреді, ал «Қамажай» – қазақ халқының ұлттық биі екендігін түсіндіру. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Мен өнерлі баламын» (М. Омаров) Ән орындау кезінде айғайламай, бір-бірін тыңдап, үндесе айтуды қадағалау. Таныс «До-ре-ми» әнін (Ө. Байділдаев) қайталау, сөздерін анық, таза орындауға үйрету. Билер: «Жұптасу биі» (чех халық әуені). Ойындар, хороводтар: «Ән салған кім?» (А. Райымқұлова) Педагог ойын шартын түсіндіреді. Балалардың ойынға белсене қатысуларын қадағалау. Музыкалық аспапта ойнау: «Еркем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). Педагог	Балалар шеңбер бойымен тұрады, ұнтаспада «Буги-буги», «Егер саған ұнаса» т.б. би әуендері ойналып, ортаға шыққан бастаушы-«бишінің» қимылдарын дәл қайталады. Би қимылдарын еске түсіру, еркін, өз беттерімен орындауға баулайды

	шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді	
Рефлекстік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. - Бүгінгі күніміз өте көңілді болды. - Бәрің өнерлі екенсіңдер, жарайсыңдар!	Балалардың жауаптары тыңдалады.

Күтілетін нәтиже: **Білу:** қарапайым шығармалардағы эмоционалды мазмұндарды ажыратады; ән орындайды. **Игереді:** бидің вальс, полька, халық биі сияқты жанрлары болатынын. **Меңгереді:** пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.

Әдіскер: *Аманжол Жанғалиева*

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:

24.11.2020/26.11.2020

Оқу қызметін ұйымдастыруда технологиялық карта

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка **Тақырыбы:** «Біз күштіміз, ептіміз!»

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындарының бірі «Көкпарды» би арқылы сипаттап, жеткізе білуге үйрету. Ойын арқылы балаларды ұйымшылдыққа, бірлікке тәрбиелеу

Көрнекіліктер: музыкалық аспаптар, металлофон, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Педагог: Қанша бала, қанша қыз, Бір шок гүлміз баршамыз. Ойын-күлкі ордасы – Біздің балабақшамыз	Балалар көңілді музыка әуенімен залға кіреді.!
Ұйымдық-іздігіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Мерекелік марш» (Б. Дәлденбай). Музыка тыңдау: «Жас дәуірдің түлегіміз» (Т. Жұмалиева). Музыка тыңдап, сипаты туралы, қандай көңіл күйде болғандарын сұрау. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Ә. Қонысбеков). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Билер: «Көкпар» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Ойындар, хорождтар: «Әуенді сағат» ойыны (Дидактикалық ойындар жинағынан). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Сағат тілімен әуенді ажырата білу, бұрын тыңдаған музыкаларын еске түсіру. Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	Музыка әуеніне ілесіп, аяқты тізеден көтеріп нық басып, бойды тік ұстап жүріп, екі қолды кезек-кезек сермеп жүру. Балалар үлестірмелі текшелерді алып, жаттығуларды тыңдайды. Жоғарыдан төменге. Бидің қимылдарын аяғына дейін үйреніп, соңына дейін музыка ырғағымен билеу. Балалар кезектесіп, асатаяқпен музыкаға ілесе ырғақты ұстап сілкілеп ойнайды.
Рефлексітік-түзету	. Балаларды мадақтайды. - ҰОҚ қай бөлімі сендерге көбірек ұнады? - Балабақшада қандай ойын-сауықтар өткізіледі?	

Күтілетін нәтиже:

Білу: музыканы тыңдауды, сипатын ажыратуды, әнді мәнерлеп айтуды білу керек.

Игереді: дауыс жаттығуын жасап алып, дұрыс орналастыруды игереді.

Меңгереді: ұлттық қимылдарды, музыка әуенін сезіне билеуді.

Әдіскер: *Аманжол*

Тобы: М.А.Д «Жауқазын»

Өтілетін күні:
08.12.2020/10.12.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка **Тақырыбы:** «Жайна бер, Қазақстан» **Мақсаты:** патриоттық музыканы тыңдап, әнді айту арқылы сезімін ояту.

Көрнекіліктер: Елбасының, Астана қаласының суреттері, Таспалар. **Алдын ала орындалатын жұмыс:** герб пен ту туралы түсінік. "Елім менің" әнін жаттау.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Жетекші балаларды "Елім менің" әнімен кіргізеді, амандасады. "Жалаумен жаттығу" - 1,2,3 қатарға тұрып, кішкентай, үлкен шеңбер жасап үйренеді.	Балалар жалаушамен жүруді, қатарға тұруды меңгереді, шеңбермен жүріп, жаттығу жасайды. Өздері білетін ел туралы, жер туралы. Отан туралы мақал-мәтелдерін айтады. Герб пен ту жайлы тақпақтар айтып береді.
Ұйымдық-іздістіру	Музыка тыңдау: «Қазақстан жалауы» (Д. Омаров) Ән айту: «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) «Жомарт елім» (И. Нүсіпбаев) Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Жаса, Қазақстан» (үнтаспада) «Көңілді балалар» литва ха (өңдеген Т. Ломова) Билер: «Қара бала» биі («Билеп үйренейік» жинағынан) Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өнд. Б. Дәлденбай) лық әуені	Әннің ырғағы орташа салмақты. Жоғары дыбыстан басталады. Дауыс жаттығуын жасап, ән айтуға тырысады. Әнді бірге айтып, үйрені, оған қоса қимылдарды да жасауға тырысады. Балалар ұрмалы аспаптарда қызыға ойнайды. Балалар ойынға белсене қатысады.
Рефлексік-түзету	-Балалар сендер қандай әуендер тыңдадыңдар? -Герб туралы не білесіңдер?	"Елім менің", "Қазақстан жалауын" тыңдадық Біз гербімізбен, Туымызбен мақтанамыз.

Күтілетін нәтиже: **Білу:** музыканы тыңдап, ұзақ, қысқа, жуан, жіңішке дыбыстарды ажырату. **Игереді:** жалаушамен жаттығуды музыкамен жүріп жасау, музыканы тыңдап, жалаушаны көтеру. Таяқшамен ырғақты сезініп қағуды игереді.

Менгереді: музыкамен аттың шабысын, батырлардың қимылын жасауды.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

15.12.2020

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық **Бөлім:** Музыка **Тақырыбы:** «Тәуелсіздік

Қазақстан» **Мақсаты:** Шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату Балаларға тәуелсіздігіміз жайында мағұлмат беру, және ән арқылы туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

Көрнекіліктер/материал: герб, ту, гүлдер, жалауша.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Қыздар гүлдермен, ұлдар жалаушамен "Елім менің" әнімен музыка залына кіреді. Екінші шумағында ырғақпен оңға, солға тербетіледі. Артқа, алға аяқтарымен қозғап, жалаушамен ырғақты сезінуін, қимылдауын ұсынады. Үшінші шумағында қыздар шеңбердің ішінде, ұлдар шеңбердің сыртында, қыздар оңға, ұлдар солға айналып жүреді, әннің соңында бәрі орнына келіп бітіреді.	Балалар бірінің артынан бірі курип, үш қатарға тұруға талпынады. Балалар әнді тыңдап, ырғақпен қимылдарды жасауға тырысады.
Ұйымдық-іздестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Айна» орыс халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Көңілді әуен ырғағына сәйкес шеңбер бойында би қимылдарын орындауға үйрету.. Музыка тыңдау: «Алатау» (Н. Тілендиев, ұнтаспа). Гимн. Ән айту: «Қазақтың жері» (Б.Түзелбекова). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді.. Үйренген «Тәуелсіздік таңы» (А. Шырынбекова) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Еркебұлан» биі («Билеп үйренейік»	Балалар өлеңді мұқият тыңдайды. Гимн айтылатын кезде тік тұрып, қолдарын көкірекке қояды. Балалар құралдарды өз орнына әуенмен жүріп қоюға тырысады. Басқа балалар әнді тыңдайды. Балалар алдын ала дайындаған рөлдерін жақсы көрсетуге тырысады. Балалар билерді белсене,
	жинағынан). Ойындар, хороводтар: «Шаңырақ» ойыны. Педагог ойын шартын түсіндіреді... Музыкалық аспапта ойнау: «Илигай» қ.х.ә. (өңд. Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сай қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді. Бубен, қоңырау, металлофон аспаптарын	қуана бил. Музыка тоқтағанда дөңгелене тұрып, киіз үйдің «шаңырағын» жасайды
Рефлексік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Балалар қолданады, бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі ұнады? - Қандай музыка тыңдадыңдар? - Шығарманың көңіл күйі, сипаты қандай екен	"Гимн және ту туралы аңыз" қойылымының рөлдерін ойнадық "Алатау" әнін Н.Тілендиев жазды.

Күтілетін нәтиже: **Білу:** музыкадағы бейнелерді ажыратуды, әннің сергек сипатын, қимылын бере біледі. **Игереді:** музыка ырғағымен асатаяқты ұстауды игереді.

Меңгереді: музыканы тыңдап, билеуді, қозғалуды, тоқтауды үйренеді.

Әдіскер: 

Өтілетін күні:

22.12.2020/24.12.2020

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы Білім

облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Қыс келді» Музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту. Табиғатқа деген қызығушылығын тәрбиелеу. **Мақсаты:** Музыканы тыңдай отырып, оның көңіл күйін ажырата білуге баулу. **Көрнекіліктер:** композитор Б. Дәлденбайдың суреті, музыкалық аспап металлофон, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Музыка залына көңілді әуенмен келіп, шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка әуеніне сәйкес би қимылдарын орындайды. Педагог тақпақ оқиды. Шаңғы, шана сайла, Конькиңді байла. Думандатып ойна, Қыс қызығын тойла!	Балалар залға еркін кіріп тұрады. Сә-ле-мет-сіз-бе! Балалар музыканың сипатын, тембірін естеріне түсіруге тырысады
Ұйымдық-іздістіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Марш» (Е. Андосов). Балалармен қыс туралы және қыста ойнайтын ойындар туралы әңгіме өткізу. Музыка тыңдау: «Көңілді балалар әні» (Б. Дәлденбай). Композитор Б. Дәлденбайдың суретін көрсету.	Балалар марш музыкасымен шеңберде жүріп, аяқты нық басып, бойды тік ұстап, тізені жоғары көтеріп, қолды сермеп, ырғақпен жүреді. Ән айтар алдында дауыс
	Балалардан әннің не туралы айтылып отырғанын сұрау. Әннің көңіл күйін сұрау. Ән айту: «Қыс келді» (Б. Жұмабекова). Ән айтар алдында балаларға ән айту ережелерін еске түсіру. Алдымен педагог әннің әуенін өзі орындап, балаларға үйретеді. Билер: «Қоян биі» (В. Питерцев). Үйренген «Зырлайды шаңамыз» әнін (М. Маңғытаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айтуі. Ойындар, хороводтар: «Кешікпе» орыстың халық әуені (өңдеген М. Раухвергер). Педагог ойынның шартын түсіндіреді. 1-4 такт. Балалар әр бағытта жүгіреді. 5-6 такт. Орындарында тұрып, алақандарын шапалақтайды. 7-8 такт. Соңғы аккордқа дейін орындықтарға отырып үлгеру үшін, өз орындарына жүгіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Тамшылар» румын халық әні (өңдеген Т. Попатенко). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. . Балалар музыкаға ілесіп қоянның «шөп жұлу», «үрку», «айбат көрсету» секілді қимылдарын үйренед

Рефлексік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Қандай қысқы ойын түрлері ұнайды? - Қыс туралы қандай әндер білесіңдер?	
-------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу: ән айтады, әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды

Игереді: музыкаға сәйкес қимылдар орындау

Меңгереді: музыкалық аспаптарда жеке және топпен ойнайды, ойынға катысады

Әдіскер: Аманжолжанова А.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы Білім**облысы:** Шығармашылық**Бөлім:** Музыка**Тақырыбы:** «Қош келдің Жаңа жыл»**Мақсаты:** Музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлілігін түсініп, ажырату. Әннің ырғағын сақтау. **Қолданылатын көрнекі құралдар:** «Ұлпақар»-таяқшалар, үнтаспа, диск, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	П.И. Чайковскийдің "Қаңтар" шығармасымен таныстырады, тыңдатады. -Балалар, айтыңдаршы ненің дыбысы шығып жатыр? (Аязата мұздармен ойнайды, ұлпақар ұшады, қыраулар қатады). балаларды тұрғызып, тыныс жаттығуына шақырады. Әуеде ұшқан ұшқындарды қағып алып, тыныс шығарамыз.	Балалар П.И. Чайковскийдің "Қаңтар" атты шығармаларын тыңдайды. Көз алдына қыс құбылысын елестетіге тырысады. Балалар тыныс жаттығуын дұрыс жасауғатырысады.
Ұйымдық-іздестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Сағат» (Е. Андосов). Сағаттың қимылымен балалар иіледі, шапалақтайды, қол ұстасып, аяқтарымен топылдатады. Жеңіл әуенге ілесіп би қимылдарының	Көңілді отырдық. "Қаңтар" шығармасын тыңдайды. Балалардың музыка тыңдай
	элементтерін жасау. Музыка тыңдау: «Жаңа жыл» (Қ. Шілдебаев). Әннің сипаты мен екпіні және мазмұны туралы әңгімелеу. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап алып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Ақша қар» (Е. Өміров). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Билер. «Ұлпақарлар биі» («Вальс» П. Чайковский үнтаспада, «Билеп үйренейік» жинағынан). Музыкалық аспапта ойнау: «Полька» (А. Филиппенко). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді	отырып алған әсерлерімен бөлісу У-у-у-у-у "О" дыбысына глиссандо жасауға тырысады. О-о-о-о-о "У" дыбысына үзіп айтуға тырысады. Қимылды орындағанда аяқтың ұшымен жеңіл жүгіріп, қолдағы «ұлпақар»-таяқша атрибуттарымен музыка әуеніне ілесе, ырғақты сақтай отырып билеу
Рефлексік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. -Қандай композитордың шығармасын тыңдадық? -Қандай әндер айттыңдар?	Музыканы тыңдап, вальс ырғағына жүруге тырысады. П.И. Чайковскийдің "Жаңа жыл" әнін

Күтілетін нәтиже: Білу: музыкадағы дыбыс жоғарылығын, ырғақтың мәнерлігін түсініп ажырату, әннің ырғағын сақтау. **Игереді:** музыка мен дауыс жаттығуларын айтуды, глиссандо жасауды, үзіп айтуды. Шығарманы дұрыс табуды.Меңгереді: **вальс ырғағымен жүруді, сезіне биледі.**Әдіскер: 

Өтілетін күні:

12.01.2021/14.01.2021

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық Бөлім: Музыка Тақырыбы: «Жануарлар

әлемі» Мақсаты: Әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін

орындау. Көрнекіліктер/материал: Жануарлардың суреттері. Қажетті құрал-жабдықтар:

үнтаспа, диск.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Көңілді әуенмен музыка залына келеді. Шеңбер бойында жеңіл қимылмен жүгіреді. Шаттық шеңберін құрады.	Балалар музыка залына көңілді әуенмен келеді. Аманадасады.
Ұйымдық-іздестіру	-Қазыр жылдың қай мезгілі? -Өлеңде не туралы жазылған? -Қыста табиғатта қандай құбылыстар болады? -Қыс мезгілінің ұнайтын, ұнамайтын жақтарын атаңдар. -Қыста шңғы, шапамен ойнайсыңдар. Жақсы. Күн суық, қалың киінесіңдер. Жаман. Бірақ көңілді. Музыка тыңдау: Вальс С.Майкапар. -Музыканы көздеріңді жұмып отырып тыңдауға болады. Сендер мұндай музыкаға қандай қимыл жасағыларың келеді. -Мұздың үстінде қалықтап сырғанауға болады. Аяқтың ұшымен жеңіл жүріп, жұбымен айналуға болады. Өткен әндерді еске түсіп, қайталау. Ән айту: "Аңдардың айтысы" Р.Наурызбаева, Ш.Құлманова. Түлкінің әнін үйретіп, қимылдарын көрсету. Келесі топ Аю әнін айтып, әнмен бірге қорбаңдап жүру. тез, шапшаң қимылмен балаларға Кірпі жүрісін көрсетіп, әнін айтқызу. аңдар хорын барлығы түгел айтады. Ойын: "Қасқыр мен көжек". Музыканы тыңдай отырып, әр аңдарға тән музыканы ажырата білу. Жеңіл көңілді көжектер қаһарлы да ашулы қасқыр музыкасы естілісімен қашуға дайын болу. Би: "Қасқыр мен қояндар". Көрініс би. Түсініктеме бойынша қимыл жасап, әуенді ырғақпен үйлестіре би қимылдарын жасау.	Балалар қыс туралы білгендерінше жауап берді. Балаларалған әсерлерін жеткізуге тырысады. Әнді тыңдай отырып, қандай жыл мезгілі туралы айтылғанын әңгімелейді. Музыка әуеніне ілесе отырып, әр аңға тән қимылдарды жасайды. Жеңіл әуенге көжектер жеңіл секіреді, қасқыр музыкасында қашуға талпынады.

Рефлексітік-түзету	-Бүгін қандай жыл мезгілі туралы ән үйрендік? -Ән сендерге ұнады ма? -Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Қортындылау, бағалау, марапаттау.	Қортынды сұрақтарға жауап береді.
---------------------------	--	-----------------------------------

Күтілетін нәтиже: **Білу:** әр аңға тән музыканы ажырата, тани білулері керек.

Игереді: қыс қызығы туралы түсініктерді игереді.

Меңгереді: музыканы ести отырып, сол музыкаға лайық қимыл жасауды меңгереді.

Әдіскер: Асият Рахметова

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
19.01.2021/21.01.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: "Құстар-біздің досымыз".

Мақсаты: Музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту

Көрнекіліктер/материал: құстардың суреті, ойыншық құстар, құстар атрибуттары.

Алдын ала орындалатын жұмыстар: құстарды бақылау, түрлерін ажырату, құстарға ұя жасау. **Сөздік жұмысы/словарная работа:** аққу, көкек, бұлбұл.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Марш әуенімен кіріп, шеңбер бойымен тұруды ұйымдастырады. <i>Қолымызды жаяйық, Құстай қанат қағайық.</i> Музыкалық-ырғақтық қимылдар:	Маршпен шеңбер бойымен жүреді, аяқтарын нық басады. Құстардың қанатын көрсете, қолдарын екі
	«Құстар» (Т. Ломова). Балалар шеңбер бойында тұрып, қолдарын қанат секілді жайып, музыкаға ілесе жеңіл аяқтың ұшымен құс болып ұшады.	жаққа созып, аяқ ұшымен жүгіреді. Бір орында айналады.
Ұйымдық-іздестіру	<i>Музыка тыңдау: «Көкек»</i> (Х.Мұхамедова, А.Рахмат, аударған М.Әлімбаев) әнін орындап, көкек әнін қайталауды сұрайды. <i>Дауыс жаттығуы: «Бұлбұл»</i> (Қ. Шілдебаев, А. Асылбек) үйретіп, дұрыс тыныс алуларына, дауыс ырғақтарына көңіл бөледі. <i>Ән үйрену: «Көктем»</i> (А.Жайымов, Қ.Сыдықов) әнін орындап, мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. <i>Дидактикалық ойын: «Не қалай шақырады?»</i> (Ж.Тұрсынбаев, А.Асылбек) ұйымдастырылады. Балаларға қарға, көкек, шымшық атрибуттары кигізіледі. Ән мазмұнына сәйкес құстар әндетіп ұшады, даусын салады. <i>Жүзгенде көлдің сәні өзі, Жердегі құстың серкесі, Көктегі құстың еркесі. Бұл не?</i> Балаларға аққу суретін көрсетеді. <i>Би: «Аққу» күйі</i> (Н.Тілендиев) ұнтаспада немесе домбыра аспабында орындалады.	Дауыс жаттығуын айтқанда дұрыс тыныс алу, әндете созу, дыбыс ұзақтылығын сақтайды. Әннің сипатын ажыратып, шапалақтап көрсетеді. Әртүрлі құстардың дауысын салып, ұшуын қимылмен көрсетеді. Үш топқа бөлініп, ойынды қызыға ойнайды. Ойын шартын сақтап, көңілді ойнап, қызығушылықтары артады. Аққу құсы туралы біліп, суретін көреді. Күйді тыңдап, әсер алады, қызығушылықтары оянады. Би элементтерін нәзік, баяу көрсете, мәнерлеп билеуге талпынады, үйренеді.

Рефлексік-түзету	<ul style="list-style-type: none"> - Қандай құстың даусын ұнатасың? - Сенің аулаңда қандай құстар бар? - Құстарға қандай қамқорлық жасайсыңдар? Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі сендерге ұнады? 	<p>Құстар туралы өлең, тақпақ, жаңылтпаш, жұмбақтар айтып, сайысқа түседі. Қойылған сұрақтарға жауап беріп, құстарға жасаған өз қамқорлықтары туралы қызу әңгімелейді.</p>
-------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже/ ожидаемый результат:

Білу/знать: музыканың эмоциялық мазмұнын жеткізу, күйші-композитор Н.Тілендиев туралы түсінік алу. **Игереді:** құстар туралы біліп, мағлұмат алады., "Аққу" биінің элементтерін игереді. **Меңгереді:** әннің музыкасын әндете айтуды, дұрыс тыныс алуды, өз мәнінде нақышына келтіре орындауды,

әдіскер: Асият Рахметова 9

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын» 26.01.2021/28.01.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка. Тақырыбы: «Айналамыздағы өсімдіктер»

Мақсаты: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың сипатын беруге

баулу. Көрнекіліктер: Тақырыпқа сай дайындалған материалдар

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Көктем көріністерін бейнелейтін суреттерді қызықтау.	Балалар көктем көріністері бейнеленген суреттерді қызықтайды. Балалар өлең не туралы екенін айтуға талпынады.
Ұйымдық-іздістіру	-Балалар, бұл өлең жолдары қандай жыл мезгілін меңзеп тұр? -Сендер қандай құбылыстарды байқадыңдар? Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері). - Көктем шыға жыл құстары да жылы жақтан атамекеніне келе бастайды. Құстар сайрап, көктемгі көріністерге жан біткендей күйде болады. Көптеген әндер табиғатпен, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулері табиғат аясында қанат қағып жүрген құстарды әнге қосады.. Ән айту: өткен іс-әрекет кезінде айтқан әндерді еске түсіріп, қайталау. Ән айту кезінде ережелерді еске түсіріп, демді нықты көтермей алып, бойды тік ұстау. Ән үйрену: «Көктем» (Д. Гусинцев, Т. Исабеков). Музыка жетекшісі әнді орындайды. Балалардан әннің мазмұнын сұрайды. Мәтінді қайталап, әуенге қосылып үйрету. Ойын «Үш гүл» Би: «Гүлдер би» («Билеп үйренейік»), Түсініктеме бойынша қимылды үйреніп, әуенге ілесе би билеу.	Балалар әнді тыңдап, ән туралы өз түсініктерін айтуға тырысады. Өткен әндерді естеріне түсіріп, қайталап айтады. Балалар жаңа әнмен танысып, ән туралы білгендерін ортаға салып, әнді үйренеді.

Рефлекстік-түзету	-Сонымен, бүгін қандай жыл мезгілі туралы әңгімеледік?-Көктем туралы не білдіңдер? -Бүгінгі іс-әрекеттің қай бөлімі сендерге қатты ұнады? Қорытындылау.	Көтеріңкі көңіл күйментоптарына тарайды
--------------------------	---	---

Күтілетін нәтиже: Білу: көктемгі құбылыстарды, табиғат өзгерістерін білулері керек.

Игереді: Өткен әндерді естеріне, түсіріп, қайталап айтады.

Меңгереді: үш түрлі музыкаға сай қимылдар жасау дағдыларын.

Әдіскер: Аманжол

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

02.02.2021 04.02.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**Білім облысы:** Шығармашылық**Бөлім:** Музыка**Тақырыбы:** «Ғажайып әлемі» «Музыка әлеміне саяхат»**Мақсаты:** Балаларға опера, балет туралы мағлұмат беру. Ғажайып музыка әлемі туралы балаларға әңгіме өткізу, музыка құдіретін түсіне білуге жетелеу

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	«Бақытты балалық шақ» («Мен бақытты баламын» CD) балалар музыка залына кіріп, осы музыка әуенімен қимылдарын жасайды.	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді.
Ұйымдық-іздістіру	<p>Әңгіме; Ғажайып музыка әлемі туралы балаларға әңгіме өткізу Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Полька» (М. Красев).. Балаларға интерактивті тақтадан Алматы қаласындағы Абай атындағы Опера және балет театрының ғимаратын көрсетіп, ондағы әртістердің суреттерімен таныстыру, балаларға бұл өнердің ең биік шыңы екенін айтып түсіндіру.</p> <p>Ән тыңдау: «Қыз Жібек» операсынан үзінді (үнтаспа, Е. Брусиловский). Балаларға опера туралы мағлұмат беру. - Сендер фильм көргенде сөздерін тыңдап түсінесіңдер, ал операда барлық көріністерін әнмен көрсетеді. Қайғылы оқиғаны да, көңілді оқиғаны да ән арқылы жеткізеді. Ал балет өнерінде барлық құбылыстарды би арқылы көрсетеді. Ол үшін олар көп дайындалады, еңбектенеді. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән салу: «Біз бақытты баламыз» (К. Қуатбаев). Әнді көңілді, сөздерін таза, анық айтуға көңіл бөлу. Ән айтар алдында ережелерді еске түсіріп, иықты көтермей, бір-бірін тыңдап айтуды естен шығармауларын ескерту. Үйренген «Балдырғандар әнін» (Г. Жотаева) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Ойынды еске түсіріп, үйшікте тұратындар біртіндеп өз музыкалары естілгенде шығып, өздеріне тән қимылдарын жасайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау</p>	<p>Балаларды шеңбер бойымен жүргізіп, музыка әуеніне ілесе жеңіл қимылдар жасауға талпынту,</p> <p>серіппе, аяқты өкшеге қойып үйрену, қол ұстасып жеңіл секіру.</p> <p>Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>

	ретін түсіндіреді.	
Рефлексік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінде музыканың қандай жанрымен таныстық? - Алматыдағы опера және балет театры кімнің есімімен аталған?	Балалар топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу: музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды.

Игереді: опера, балет туралы түсініктерді.

Меңгереді: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын, ойынға катысады

Әдіскер: Асият Жанғалиева

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

09.02.2021 | 11.02.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Көліктер».

Мақсаты: Жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға, ән –күйлерді тыңдату, қабылдау, есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Музыка жетекшісі балаларды Б. Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» әуенімен залға кіргізеді. Балалар көңілді адыммен залдың ортасына келіп тұрады..	Балалар музыка әуенімен жүреді, жүгіреді.
Ұйымдық-іздігіру	Әңгіме;Көліктер туралы Ән тыңдау: «Көліктер дауысы» Дауыс жаттығуы: «Жоғары - төмен» Ән салу: «Тұлпарым» (Б. Бейсенова) Муз ырғақты қимыл: «Жұптасып билеу».	Балалардың эмоциялық көңіл-күйі музыка сипатына сай ырғақтық қимылдармен үйлесімді болуы тиіс.
Рефлексітік-түзету	Қортындылау, бағалау.	Балалар топтарына тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Жолда жүру ережелерін қатаң сақтауға

Игереді: ән –күйлерді тыңдату, қабылдау

Меңгереді: есте сақтау және музыкалық жанрды ажырата білуге үйрету

Әдіскер: Әсет Жамалтаев

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д «Жауқазын»

16.02.2021/18.02.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Электроника әлемі»

Мақсаты: Балаларға Ғарыш және ғарышкерлер туралы толық түсінік беру, білімдерін одан әрі кеңейту. Музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білуге, әннің мәтінін бұзбай, дұрыс айтуға үйрету. **Көрнекіліктер:** ғарыш, ғарыш кемесін бейнелейтін суреттер. Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттері

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балаларға <i>Марш</i> (Е.Марченко) екпінімен, тұлғаларын түзу ұстап, аяқтарын көтере жүруді ұсынады. Әуенді-ырғақты қимылдар көрсетіледі. <i>«Кел, билейік»</i> (В.Комарова) ойнақы, көңілді әуеннің ырғағына бір аяқтан келесі аяққа жеңіл секіртпелі қимыл жасауды, бір қырымен аяқтарды бір-біріне тигізе секіру (боковой галоп) қимылдарын үйретеді. 12 сәуір - Ғарышкерлер күні екенін айтып, ғарыш бейнеленген суретті көрсетеді. Жетекші балаларды ғарышқа саяхатқа шақырады.	Ғарышкерлер күні туралы біліп, түсінік алады. Әуен ырғағын сезіне қозғалып, мәнерлеп көрсетеді.

<p>Ұйымдық-іздігіру</p>	<p>-Міне, енді шынығып, ұшуға дайынбыз. Скафандрларын киіп, ұшуға дайындық жасалады. Үнтаспадан «Ғарыш кемесінде» әуені ойналып, балаларға көздерін жұмып, «ұшу» қимылын ырғақты сезіне көрсетуді ұсынады. -Міне, белгісіз планетаға тап болдық. «Фантастикалық би» (Р.Шуман) ойналып, балаларға робот қимылдарын өз білгендерінше көрсетуді сұрайды. Р.Шуман туралы түсінік береді. -Балалар, сендер қай планетаға сапар шеккілерің келеді? (Ай, Юпитер, т.б.) -Айға ұшатын бала туралы ән айтып берейін, мұқият тыңдандар! Музыка тыңдау: «Айды әперші, апатай!» (Е.Өміров, Ө.Тұрманжанов) әнін орындап береді. мәтінін, сипатын түсіне әңгімелеуді ұсынады. -Ғарыш деген не? -Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? -Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? -деген сұрақтар қойып, толық мәлімет береді. Тұңғыш ғарышкер Ю.Гагарин, Т.Әубәкіров, Т.Мұсабаев суреттерін көрсетеді, мәлімет береді. Ән үйрену: «Ғарышкер боламыз» (С.Мұхамеджанов, Ш.Мұхамеджанов). Әннің мәтінін түсіндіріп, әуенін үйретеді. Жылдам екпіні мен ырғағына мән береді. Секірмелі фа-си, соль-до дыбыстарын таза айтуға ерекше көңіл аударады. Әуенді-қимылды ойын: «Роботтар кемесінде». Үнтаспада</p>	<p>Әуенді тыңдап, ерекше үндерді естіп, сезінеді.</p> <p>Көздерін жұмып, өздерін ғарыш кемесінде отырғандай сезінеді.</p> <p>Қойылған сұрақтарға көңілдене жауап береді. Ғарышкерлер туралы мағлұмат алып, Байқоңыр туралы біледі.</p> <p>Тақпақты қайталап, еске сақтауға, жатқа айтуға үйренеді.</p> <p>Балалар сұрақтарға жауап беріп, көңілдері көтеріледі. Жаңа әнді үйреніп, мәтінін түсінеді. Әуенін сезіне, таза, анық айтуға үйренеді. Әнді тыңдап, сипатын ажыратады. Ән мазмұнын түсініп, әңгімелей алады. Робот қимылын өз еріктерінше көрсетіп, билейді. Қолды, аяқты тез, шалт қозғау. Тізені бүкпей</p>
	<p>робот қимылына сай әуен ойналып, балалар робот қимылдарын көрсетеді. Әуен тоқтағанда, өз «кемелеріне» отырып үлгерулері тиіс. Ғарыш кемесіретінде құрсауларды қолдануға болады.</p>	<p>адымдап жүру. Балалар кемеге отырып, «ұшады». Оркестрде ойнауды жалғастырады.</p>
<p>Рефлексстік-түзету</p>	<p>«Кел, билейік» әуеніне көңілді би билеуді ұсынады. Таныс әуенге би қимылдарын өздеріне ойлап табуды, мәнерлеп билеуді ұсынады. - Ғарыш айлағы қай жерде орналасқан? Қандай ғарышкерлерді білесіңдер? Балаларды мадақтап, белсене қатысқан балаларды атап өтеді. Үйде «Ғарышта» немесе «Зымыран» тақырыбына сурет салуға тапсырма береді.</p>	<p>Көңілді биді өз калауынша би қимылдарымен мәнерлеп билейді. Ырғақты сезіне қимылдайды.</p> <p>Балалардың жауабы.</p>

Күтілетін нәтиже: **Білу:** әр сипаттағы шығармаларды тыңдауды, классикалық музыканы ажырата білу, тыңдаған әуенді әңгімелей білуді.

Игереді: ғарыш, ғарышкерлер, ғарыш айлағы туралы түсінік, түрлі сипаттағы әндерді анықтауды. **Меңгереді:** әнді көңіл күіне сәйкес орындауды, шығарманы тыңдап, мағынасын түсіндіре алуды.

Әдіскер: Асият Рамағалова 9.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**Білім облысы:** Шығармашылық**Бөлім:** Музыка**Тақырыбы:** «Мамандықтың бәрі жақсы»**Мақсаты/цели:** жаңалықты, жақсылықты музыка тілімен сезінуді үйрену. Әнді орындағанда үндесіп, бір-біріңдеп айтуға үйрету.**Көрнекіліктер:** музыкалық аспаптар: асатаяқ, сылдырмақ. тұяқтас, Дина Нүрпейісованың портреті.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балалар музыка әуенімен залда карсы алады. Әрбір атқан таңымыз арайлы, бәріміздің жүзіміз жарқын, көңілді, құстарымыз сайрап, гүлдеріміз жайнап тұрса, көктем күні қандай керемет!	Балалар музыка залына нақты қадаммен келді. Шеңбер бойымен жүріп, жеңіл музыка әуеніне жүгіреді. Шаттық шеңберінде бір-біріне тілек айтады. Шаттық шеңберін жасап, тілектерін тілейді.
Ұйымдық-іздігіру	<i>Музыка тыңдау:</i> «Бұлбұл» (Дина Нүрпейісова). Дина Нүрпейісова - күйші-композитор. Дина тоғыз жасынан күй тартып, Құрманғазыдан күй үйренген. Кейін өзі күй шығаратын болған. Динаның «Әсемқоныр», «Бұлбұл», «Жеңіс», т.б. көптеген күйлері бар. «Бұлбұлда» әнші құстың сайрағаны күй арқылы көрсетілген. («Қазақ композиторлары және музыкалық аспаптар») <i>Ән айту</i> «Етікші» (Қ. Мырза Әлі, Д. Ботбаев) Е. Өміровтың суретін көрсетіп, қысқаша мағлұмат беру («Қазақ композиторлары және музыкалық аспаптар»), Ән сабырлы, шырқай салынады. Музыка жетекшісі әнді орындап, балалардан ән туралы сұрайды. <i>Музыкалық аспапта ойнау:</i> «Тұяқтас» аспабымен таныстыру. Ұрмалы аспаптың ойналу техникасын көрсету. «Сәулем-ай» әуеніне ырғақпен ұрып көрсету. Бірнеше балаларды шығарып, асатаяқ, тұяқтас, сылдырмақтармен әуенге ілесіп ойнау. Балалардың қалауы	Балалар күйшімен танысып, күй тыңдайды. Күйден алған әсерлерін жеткізуге тырысады Балалар өткен әндерді қайталайды. Композитормен танысып, жаңа әнді үйренеді. Балалар жаңа музыкалық аспаппен танысып, аспапты қызықтап, бір-біріне соғуды, дыбыс шығаруды үйренеді. Әуенге қосылып, аспапта ойнайды.

	бойынша үйренген билерді қайталау.	
Рефлексстік-түзету	<ul style="list-style-type: none"> - Бүгін қандай композитормен таныстық? - Қандай күй тындадық? - Әнде не туралы шырқалды? - Қандай музыкалық аспаппен таныстық? - Сендерге бүгінгі қай іс-әрекет ұнады? 	Балалар сұрақтарға жауап беріп, топтарына тарқайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу: түрлі табиғат құбылыстары аспаптың күй тілінде сайрайтынын білуі керек.

Игереді: тұяқтас, шапақ, рауан деген түсініктерді.

Меңгереді: жаңа музыкалық аспапта ойнау дағдыларын

Әзіскер: Аманжол

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**Білім облысы:** Шығармашылық**Бөлім:** Музыка**Тақырыбы:** «Қазақстан халықының салттары мен дәстүрлері»**Мақсаты:** Музыка тыңдай отырып сол музыканың мағынасын ұғынуға үйрету. Бесік жыры арқылы балаларды имандылыққа тәрбиелеу.**Көрнекіліктер/материал:** сылдырмақ, қоңырау, тұяқтас, металлофон т.б. аспаптар, нота хрестоматиясы.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті/	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	<p>Ортада дөңгелек үстел, үстінде құрт, ірімшік, жент, бауырсақ, т.б. Үстелдің жанында қазақша киінген әже мен ата отырады. <i>Дастарханда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көп, Қандай жақсы наурыз.</i> (Қ. Баянбай)</p> <p>Ата мен әже балаларды қарсы алады.</p>	<p>Балалар дөңгелек үстел жанына келіп, ата мен әжеге сәлемдесіп, үстел айналасына орналасады.</p>
Ұйымдық-іздігіру	<p>Балалар атамен, әжемен амандасады. Әже балалардан бүгін қандай мереке екенін сұрайды.</p> <p>-Наурыз дегенді қалай түсінесіңдер? -Наурызды халық қалай тойлайды? -Наурызға қатысты қандай ырымдарды білесіңдер? -Наурыз күн мен түн теңелген кез, ол күні ренжіскен адамдар бір-бірімен кұшақ жайып, төс қағыстырып татуласады. Әр үйде дастархан жайылып, бір-бірінің үйіне қонаққа барады.</p> <p>-Міне, алдарыңда қазақтың ұлттық тағамдары тұр. Жеті түрлі дәм салып наурызкөже дайындалады. Ата қонақкәде ретінде ән айтып береді.</p> <p>Музыка тыңдау: Б.Бейсенованың «Тұсау кесер» Ән үйрену: «Қасиетті домбыра» (Б.Бейсенова) Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ата мен әжеге қосылып үйренуін сұрайды.</p> <p>-Әнде не туралы айтылған? -Ән көңілді ме, әлде көңілсіз бе? Әннің бірінші шумағын қайырмасымен үйрену. Ата мен әжеге өткен әндерді кайталап айтып беру.</p> <p>Ойын: «Арқан тартыс». Ата өзімен бірге арқан ала келгенін айтады. Қазақтың ұлттық ойыны -</p>	<p>Балалар наурыз туралы білгендерін әңгімелейді. Наурыз бір-біріне қонаққа бару керектігін, татуласу керектігін ұғынады.</p> <p>Балалар ән туралы түсініктерін жеткізеді.</p> <p>Балалар жаңа әнді әуенімен айтуға, естеріне сақтауға</p>

	арқан тартуды екі командаға бөлініп ойнайды. Балалар наурыз туралы білгендерін әңгімелейді. Музыкалық ырғақты – қимыл: «Кесемен би».	тырысады. Балалар екі командаға бөлініп, арқан тартысады.
Рефлексстік-түзету/	Ата мен әже балаларға ризашылығын білдіріп, мадақтап, қоштасып, үйлеріне қайтады.	Балалар алған көңілді әсерлерімен тарайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Қазақ халқының салт дәстүрлері мен таныстыру, киіз үй туралы түсініктерді.

Игереді: қазақтың ұлттық тағамдары туралы түсініктерді.

Меңгереді: арқан тарту арқылы күш сынасу дағдыларын.

Әдіскер: Әсет Рахымбетов

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
09.03.2021/11.03.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Ертегілер Елінде. Театр әлемі»

Мақсаты: Балаларға ертегі, аңыз, әңгіме туралы түсініктерін кеңейтіп, және оларды театры арқылы сомдауға баулу, үйрету, қызығушылығын ояту. Ән арқылы өнер өрісін кеңейту. **Көрнекіліктер:** бесік, қуыршақ. **Қажетті құрал - жабдықтар:** сырдырмақ, қоңырау тұяқтас, маталлофон. **Алдын ала орындалатын жұмыс:** "Бесікке салу" дәстүрі туралы әңгімелеу. **Сөздік жұмысы:** бесік жыры, әлди-әлди.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті/	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	<p><i>"Вальс"</i> Шуберт "Билеп үйренейк" жинағынан ырғағымен балаларға би қимылдарды қайталауды ұсынады.</p> <p>Аяқ ұшымен жеңіл жүгіру, қол ұстасып баяу тербетілу, айналу, орын ауыстыру қимылдарын бекітеді.</p>	<p>Балалар өздеріне таныс вальс қимылдарын еркін орындайды. Ойлап тапқан би элементтерін қоса орындайды.</p>
Ұйымдық-іздестіру	<p>-Балалар Әмина әжеміз бүгін немересі Айдананы бесікке салу рәсімін жасайды екен. "Бесік тойына" біз де барайық.</p> <p>Бесік жанында әже немересі қуыршақ Айдананы алдына алып отырады.</p> <p>Балаларды төрге шақырып, отырыуды ұсынады. Ортаға бесік әкеліп қояды. Бесікке қуыршақ "сәбиді" жатқызып, бөлейді.</p> <p>-Біз қуыршақты бөле, бесікке салу рәсімін жасайық. Аршаның түтінімен бесікті аластап, тазарталық. Аластап сәбиді бөлеуді көрсетеді.</p> <p>Музыка тыңдау: "Бесік жыры" Қ.Өрісбаев, Ш.Мұхамеджанов әнін айтып, тыңдауды ұсынады.</p> <p>-Бесік жыры қандай ән екен?</p> <p>-Сендерге ұнадыма?</p> <p>"Әлди-әлди" халық әнін айтып, балаларға қосылып айтуды ұсынады. Баяу, жұмсақ әуенді сипатын өз эмоциялық сезімдерімен әндете жеткізуді ескереді.</p> <p>-Кішкентай сәби ұйықтады. Оянып кетпесін, өте ақырын, жәй дауыспен айтайық.</p> <p>-Сәбиді ұйықтар алдында "Бесік жырын" айтса, ұйқысы тәтті болады. Сәбиіміз тыныш ұйықтасын, - деп бесікті төрге апарып қояды.</p> <p>Ән үйрену: "Бесік жыры"</p> <p>И.Нүсіпбаев, С.Жиенбаев.</p> <p>Әнді үйрете отырып, мазмұнын қысқаша таныстырады, лирикалық әуеніне мән береді..</p> <p>Ойын: "Қандай аспан?" Б.Дәлденбай, А.Асылбек.</p>	<p>Әмина әженің немересін бесікке салу рәсіміне бірге баруға қызығады.</p> <p>Балалар әженің немересі Айдананаы қалай бесікке салғанын көріп, тамашалайды. Бесікке салу дәстүрін көріп, еске сақтауға тырысады. Әженің айтқан сөздерін тыңдап, түсінуге тырысады. Балалар "Бесік жырын" тыңдап, әннің сипаты туралы әңгімелейді. "Әлди-әлди" халық әнін орындап, дауыстарын ашық, жарқын және бояу,</p>

	Ойынға сылдырмақ, ысқырық, қоңырау, бубен, үшбұрыш, металлофон аспаптары қолданылады. Әуеннің тембрін дұрыс ажыратуларын қадағалайды. <i>Аспапта ойнау: "Сәулем-ай"</i> халық әні, өндеген Б.Дәлденбай. Ән әуеніне оркестр ұйымдастырылып, аспапта ойнап үйретеді. Ән әуеніне ілесе, ырғақты сезіне ойнауға дағдыландырады.	ақырын шығарып айтуға тырысады. Жаңа әннің лирикалық әуенін жеткізе әндетуге Жүптасып билеудің қимылдарын жетік
Рефлексік-түзету	- "Бесік жырының" әуені қандай? - Сәбиді ұйықтатарда қалай әндеткен дұрыс? - Әмина әжеміз немересін бесікке қалай жатқызады? - Әжеміз қандай ән айтты? Қортындылау, бағалау.	Қойылған сұрақтарға жауап береді. Балалар көңілді қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: әуен динамикасын, тембрін ажыратуды, лирикалық сипаттағы әндерді нақышпен орындауды.

Игереді: ырғақты сезіне музыкалық аспаптармен ансамбльде ойнауды, лирикалық әуенді тыңдап, сезінуді.

Меңгереді: дауысқа күш түсірмей әндетуді, динамикалық белгілерді ажыратуды.

Әдіскер: *Аманжол*

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы**Білім облысы:** Шығармашылық**Бөлім:** Музыка**Тақырыбы:** «Нұр себеле ұлыстың ұлы күні»**Мақсаты:** Балалардың қазақтың ұлттық ойынына деген қызығушылықтарын арттыру.

Ұлттық билердің элементтерін орындау, музыка сипатын би қимылдарында беру.

Көрнекіліктер: наурыз дастарқаны, ұлттық тағамдар, нота хрестоматиясы

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті/	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балалар мерекелік музыкамен залға келеді, вальс ырғағымен жұптасып айналып, орын ауыстырып жеңіл қимылдар жасайды	Музыка тыңдап, екпінін сезіне нық жүреді.
Ұйымдық-іздестіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Аюлар биі» (Е. Тиличеева. Музыка тыңдау: «Ақ сиса» (Жаяу Мұса). Балаларға Жаяу Мұса туралы қысқаша түсінік беру, неліктен жаяу аталғанын түсіндіру. Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау. Балалармен наурыз мерекесі туралы әңгіме өткізу. Бұл мереке күн мен түннің теңелуімен, табиғаттың жаңаруымен байланысты екенін ұғындыру. Мерекеді жасалатын наурыз көже туралы айту. Дастарқанда дәміміз, Жайдарымыз бәріміз. Көжесі көп, қыры көк – Қандай жақсы наурыз. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Наурыз тойы» (Т. Мұратов). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Үйренген «Көктем» әнін (Д. Гусинцев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Қамажай» халық әуені (өңдеген Н. Меңдіғалиев). Халық биінің элементтерін үйрену: жүн түту, ұршық иіру, жүнді сабау. Қолды білек буынынан бұрап жаттығу. Ойындар, хороводтар: «Үйшік» (В. Витлин). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Музыкалық аспапта ойнау: «Сәулем-ай» қазақтың халық әні (өңдеген Б. Дәлденбай). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	Балалар музыкаға ілесіп, қорбандап, аюдың жүрісін салады. Балалар төртке бөлініп, төрт бұрышта тұрады. Үйшікте құстар, қояндар, аттар, аю тұрады. Құстар музыкасы айналғанда, құстар ұшып шығады. Қанаттарын қағып, шеңберді бір айналып шығады да, музыка аяқталғанда орындарына барып тұрады. Аттар музыкасы айналғанда аттар шығып, аттың шабысын салып шабады. Қояндардың музыкасы айналғанда қояндар ортаға шығып, қосаяқтап секіреді. Олар да музыка аяқталғанда орындарына барады. Соңында аюдың музыкасы айналғанда аю қорбандап шығады, музыка аяқталғанда олар да орындарына барады.

Рефлексік-түзету	Қортындылау, бағалау. Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Наурызға байланысты қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер? - Бүгінгі ҰОҚ қандай музыка тыңдадық? - Наурыз тойын қалай тойлайды?	Текшелерден аспаптарды дұрыс тауып көрсетуді үйренеді. Аспаптар дауысын естіп, түрлерін ажыратып айтады. Менгерген аспаптарында әуенді сезіне ойнайды.
-------------------------	---	--

Күтілетін нәтиже:

Білу: эмоционалды түрде әндерді айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалады, би қимылдарын жасайды.

Игереді: Наурыз мерекесі күн мен түннің теңелу, табиғаттың жаңару мерекесі екенін түсінеді

Меңгереді: аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.

Әдіскер: Асият Рамағалова 9.

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Өтілетін күні:
25.03.2021/30.03.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Нұр төккен, гүл көктем» «Көктем әндері»

Мақсаты: Мазмұнды музыкалық ойындарда қимылдардың баулу сипатын беруге

Көрнекіліктер/материал: интерактивті тақта, көктем көріністері, түрлі түсті лента, жыл құстары туралы суреттер, бубен, нота хрестоматиясы..

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Көңілді әуенмен музыка залына келіп, жеңіл әуенмен жүгіру, жай жүру.	Үйренген би қимылдарын әуенмен мәнерлеп билейді, өз шығармашылықтарын көрсетеді.
Ұйымдық-іздігіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Педагог балаларға жұмбақ жасырады: Сулар ағып жылғадан, Құстар әнін жырлаған. Бұл айдары желбіреді, Бұл мезгілді қалай дейді? Балалармен көктем туралы, көктемде қайтып оралатын жыл құстары туралы сұхбат жүргізу. Көктемде табиғатта болатын құбылыстар туралы әңгімелесу. Интерактивті тақтада көктем көріністері, жыл құстары туралы суреттер көрсету. Музыка тыңдау: «Қараторғай» (Ақан сері, өңдеген Б. Ерзакович). Көптеген әндер табиғатпен байланысты, тау-тас, өзен-сумен байланысты болса, енді біреулер табиғат аясында жүрген құстарды әнге қосқан. Ән айту: «Көктем» (Д. Гусинцев). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. Бұл әнде құстардың қайтуы, өлкенің жаңаруы көтеріңкі көңіл күймен жырланады. Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Үйренген «Домбыра сазы» әнін (И. Нүсіпбаев) еске түсіру, сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Жеке және хормен айту. Билер: «Апатайым-ай» биі («Билеп үйренейік» жинағынан). Өткен сабақта үйренген. Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа	Түрлі түсті ленталармен әуенді сезіне ырғақтық қимылдарды бірге, мәнерлеп орындауға көрсетеді Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. би қимылдарын әрі қарай жалғастырып, биді таза үйлесімді билеуге талпындырады. Әуенді тыңдай отырып, ырғаққа ілесе нық қимылдар жасайды.№

	ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Латыш полькасы» (М. Раухвергер). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.	
Рефлексстік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі ұнады? - Көктем мезгілінің қандай ерекшеліктері бар?	Ойларын жеткізе әңгімелеп, сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже: Білу: ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.

Игереді: жыл құстары, қараторғай туралы мәліметтерді біледі,

Менгереді: түсінеді аспаптарда ойнаудың қарапайым дағдыларын.

Әдіскер: *Асият Рахметова*

Өтілетін күні:

01.04.2021/кайталау/06.042021/08.04.2021

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Аялайық гүлдерді» «Ана – өмір шырағы»**Мақсаты:** . Әлемдегі ең асыл жан – анаға деген сүйіспеншіліктерін музыка арқылы жеткізе білуге үйрету. , Анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу**Көрнекіліктер/:** Е. Хасанғалиевтің портреті, аналардың суреттері, түрлі түсті ленталар; ұрмалы аспаптар – асатаяқ, биге арналған «сабау»-таяқшалар, нота хрестоматиясы

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Балалар музыка әуенімен музыка залына келіп, шеңбер бойымен жүріп, әуен ауысқанда әуенге сай қимылдар жасап, шеңбер құру.	Балалар музыка залына нақты қадаммен келді.
Ұйымдық-іздігіру	Музыкалық-ырғақтық қимылдар: «Ленталармен жаттығу» (В. Моцарт). Балалармен ана туралы әңгіме өткізу, өз сезімдері, ой-пікірлері туралы сұхбаттасу. Балаларға әртүрлі көңіл күйдегі аналардың суреттерін көрсетіп, әңгіме құрастыру. Музыка тыңдау: «Аман болшы, анашым» (Б. Қабиева). Әнді тыңдап болып, әннің кім туралы айтылып отырғанын сұрау. - Музыканың көңіл күйі, сипаты қандай? - Музыка тыңдап отырып сендер ана туралы не ойладыңдар? Ән айтар алдында дауыс жаттығуын орындатып, әуенді таза айтуға ұмтылу. Ән айту: «Анашым» (Е. Хасанғалиев). Педагог әнді орындап, мазмұны бойынша әңгіме өткізеді. - Әнді тыңдағанда қандай әсерде болдыңдар? - Әннің көңіл күйі қандай? - Ән сендерге ұнады ма, несімен ұнады? Балаларға қайталап, қосылып айтуға үйретеді. Өткен оқу қызметінде үйренген әнді еске түсіру. «Әже тілегі» (Т. Қоңыратбай), ән	Балалар шеңбер бойында, қолдарына лента ұстап, сол ленталармен музыкаға ілесіп қимылдар жасайды, екі қолды кезек кезек көтеріп, бастан жоғары ұстап, айналады. Әнді бір мезгілде бастау және аяқтау, әуенді дұрыс бере білу. Қыздар қолдарына екі таяқша ұстап, биге шығады. Қыздар шеңбер бойымен жүгіріп, таяқшаны бір-біріне соққылап, Бір қатарға тізіліп, тізерлеп отырады. Таяқты жерге кезек-кезек ұрғылайды, «сабау сабап» отырған қимылды көрсетеді. Таяқшаны жерге қойып, алақандарымен еденді шапалақтайды, Жүнді жөндеп қойып жатқан қимылды көрсетеді. Таяқтың біреуін алып,

	<p>сөздерін анық айтуға, ән ырғағымен орындауға баулу. Билер: «Киіз басу» («Келіншек» халық күйі, өңдеген Б. Дәлденбай). «Полька» эстон халық биі. Би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Әуенге ілесе мәнерлі орындауға дағдылану. Ойындар, хороводтар: «Балақан да алақан» (Ө. Байділдаев). Педагог ойын шартын түсіндіреді. Шеңберде тұрып, ырғаққа ілесіп шапалақпен қимылдар жасайды. Музыкалық аспапта ойнау: «Күншуақ» (Е. Құсайынов). Педагог шығарманы орындап, балалардан музыка ырғағына сәйкес қол соғуды сұрайды. Аспаптарды таратып беріп, орындау ретін түсіндіреді.</p>	<p>қамыр жайған секілді қимыл жасайды. Білектерін кезек-кезек жерге тигізіп, «киіз басуды» әрі қарай жалғастырады. Орындарынан тұрып, таяқшаларын басынан жоғары көтеріп, бір-біріне соғып, шығып кетеді. Балалар аспапта ойнағанда ырғақты ұстап, әуенге ілесе ұрмалы аспаптармен ойнайды.</p>
Рефлекстік-түзету	<p>Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінде қандай музыка тыңдадық? Не ұнады</p>	<p>Балалар сұрақтарға жауап беріп, топтарына тарқайды.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білу: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындайды, музыканың сипатына сәйкес қозғалады.

Игереді: әннің мазмұнын түсінеді.

Менгереді: таныс әнді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындайды.

Әдіскер: Аманжол Рамағалова 9.

Тобы: М.А.Д «Жауқазын»

Өтілетін күні:
13.04.2021ж. 15.04.2021ж

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы Білім

облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Ас атасы нан»

Мақсаты: музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштатуға баулу. Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш/мотивационно-побудительный	«Біздің балабақша» (Б.Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады. Өлеңді айтып беріп, балаларға	Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды. Музыканың ширақ, ойнақы сипатын көрсете билейді.
Ұйымдық-іздігі	«Музыка тыңдау: Жүсіпалиевтің «Көңілді марш» Дауыс жаттығуы: «Баспалдақ» орындалады. Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру. Ән үйрену: : Б. Аманжоловтың «Тәтті нан» әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу. Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқталуына назар аудару. «Көңілді-мұңды» дидактикалық ойыны. Муз ырғақты қимыл: Е. Андосовтың «Біз билейміз	Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады. Әндерді тыңдап, ажыратып көрсетеді. Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсету.
Рефлексік-түзету	Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер. - Сендерге балабақша ұнай ма? - Сүйікті ойыншығың не? - Қандай өнер түрі ұнайды? Оқу іс-әрекетін қорытындылайды.	Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп. өз ризашылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже: Білу: ән орындайды, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыстыныс алып айтады, музыканың сипатына сәйкес қозғалыстар жасайды.

Игереді: Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру.

Менгереді: Әуендік, динамикалық есту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:

20.04.2021/22.04.2021

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Жәндіктер мен қосмекенділер әлемі»

Мақсаты/цели: музыкалық шығармалар сипатын анықтауды жалғатыру, дыбыстың ұзақтығын, биіктігін ажыратуды дамыту. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауға баулу.

Көрнекіліктер: Тақырыпқа байланысты материалдар.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш/	<p><i>Марш</i>» (Е.Брусилковский) ойналып, балалардың шеңбер бойымен жүріп келіп, бірнеше қатарға тұрып, тұзу сызық бойымен жүруді үйретеді.</p> <p>Балаларға әуенді тыңдап, өз ойларынан, таныс би қимылдарынан қарастыруға, еркін билеуге мүмкіндік береді.</p>	<p>Марш екінін сезіне, бірнеше қатарға бөлініп тұруды үйренеді.</p> <p>Сап түзеп, қатарласа жүреді.</p>
Ұйымдық-ізвестір	<p><i>Ән тыңдау:</i> «Ақ көбелек»(Тұрсынжан Шапай)атты әнді орындап, мұқият тыңдауларын сұрайды. Әннің мазмұнына ерекшетоқталу. Әннің орындалуына мән беріп, көңіл күйін сезіне әңгімелеуді ұсынады. Ұлттық музыкалық аспап - шертермен таныстыру. Аспаптың суретін көрсетіп, дыбысталуын ұнтаспада тыңдату. Дауыс ерекшелігін</p> <p>еске сақтауға, ажыратуға үйрету.</p> <p><i>Дауыс жаттығулары:</i> «<i>Дабыл</i>», «<i>Шертер</i>» орындалады. «<i>Дабыл</i>» әніндегі «дұң-дұң» буындарын дауысқа салмақ түсіре анық айтуға үйрету. «<i>Шертер</i>» ән жаттығуында нүктелі нотаның орындалу ерекшелігіне, регистріне көңіл аудару. Дыбыс ұзақтықтарын көрсетуді қадағалау.</p> <p><i>Ән үйрену:</i> «Көбелек» (К. Қуатбаев Ж. Смақов) Авторлардың балаларға арнап жазған көптеген әндерін орындап, айтып</p>	<p>Өз өнерлерін ұсынған балалар ән салып, би билеп, өлең-такпақтарын айтады. Концерт көрермендері қошемет көрсетіп, өнерпаздарға қол шапалақтайды. Әнді ынталана тыңдап, мағынасына мән береді. Әннің сипатын ажыратады.</p> <p>Шертер аспабымен танысып, дыбысталуын еске сақтайды.</p> <p>Дауыс жаттығуларын анық, таза орындайды.</p> <p>Дыбыс ұзақтығын шапалақтап көрсетеді.</p> <p>Жаңа әнді тыңдап, әуенін үйренеді. Сөздерін қайталап, мағынасын түсінеді.</p> <p>Ән авторлары туралы</p>

	жүргендерінескертеді. Көңілді, ойнақы сипатына көңіл бөліп, мазмұнын қысқаша түсіндіреді.. Музыкалық қимыл – қозғалыс: «Қосарланып билеу»	мәлімет алады. Әннің ойнақы, көңілді сипатын сезініп, «ля» буынына қосыла айтады
Рефлексік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. - Бүгінгі оқу қызметінің қай бөлімі ұнады? -	.

Күтілетін нәтиже: Білу: дыбыс биіктігін, ұзақтығын ажыратуды. Әнді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындауды білу керек. **Игереді:** жаңа ән үйреніп, әуенін таза айтуды, шертер аспабымен танысып, дыбысталуын ажыратуды. **Меңгереді:** музыкалық шығармалар сипатын өз беттерінше ажыратуды, әнді, дауыс жаттығуларын мәнерлеп орындауды, металлофон аспабында еркін ойнауды.

Әдіскер: *Анастасия А.*

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

27.04.2021/29.04.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Еңбек бәрін жеңбек»

Мақсаты: музыкаға қызығушылығын дамытуды жалғастыру. Музыкалық шығармашылыққа, қабілеттерін ұштатуға баулу. Әуендік, динамикалықкесту, ырғақты сезіну қабілеттерін дамыту. Би қимылдарына, ойын әрекеттеріне қатысу белсенділігін арттыру. **Көрнекіліктер/материал:** түрлі түсті шарлармен зал іші безендіріледі.

Қажетті құрал - жабдықтар: "Әуенді сағат" дидактикалық ойынның карточкалары..

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	«Біздің балабақша» (Б.Қыдырбаева, М.Әлімбаев) әні ойналып, балаларды залда қарсы алады.	Қол ұстасып, өздері ойлап тапқан би қимылдарын жасайды.
Ұйымдық-іздігіру	Музыка тыңдау: «Табиғатым» (Рахат. Абрахим) тыңдауды ұсынады. Әуенді тыңдатып, сипаты туралы сұрайды.. Дауыс жаттығуы: Дауыс жаттығуы: «Нота дыбыстары» Дикцияның анық айтылуы мен дауысты дыбыстарды ауызды «дөңгелете» айту әдісімен жаттықтыру. Ән үйрену «Кең дала» (Өлеңін жазған: Н. Әдімқұлов әнін орындап, мұқият тыңдауды ескертеді. Әннің мазмұнымен қысқаша таныстыру, көңілді, ойнақы әуеніне көңіл бөлу. Әнді үйреткенде сөздерді анық айтуына, бірге бастап, бірге аяқталуына назар аудару. Музыкалық ырғақты қимыл: «Көңілді би» Ойын: «Алтын қақпа». Ойынның сөздерін жатқа айтып, бірдей қимылдап, ойын	Әннің көңілді жарқын сипатын сезініп, үйренеді. Ырғағы мен динамикасын шапалақтап көрсету арқылы есте сақтайды. Ойынды қызыға ойнап, ұйымшылдықпен белсене араласады. Балалар шапшаң қозғалуға, тез қимылдауға, жүгіруге дағдыланады. «Құс қанаты», «құс тұмсық» би элементтерін үйренеді, мәнерлеп орындайды. Әндерді тыңдап, ажыратып көрсетеді. Үйренген әндерін еске түсіріп, әуенді сағатта бейнеленген мазмұнына сәйкес суретті тауып көрсету.

	шартының орындалуын қадағалайды. Ойынға белсене қатысқан балаларды мақтайды. Әуенді-дидактикалық ойын: «Әуенді сағат» ойналады. Өткен оқу іс-әрекетіндегі әндер орындалып, тыңдалып, ән мәтініне сәйкес бейнеленген суретті сағат тілімен көрсету. «Әуенді сағат» үлестірмелі карточкасын барлық балаға тарату. «Аққала», «Жаңбыр», «Добым менің», «Аязата», «Қуыршақ», т.б. әндер орындалады.	
Рефлексік-түзету	- Сендер барлық өнер түрін балабақшада үйренесіңдер. - Сендерге балабақша ұнай ма? Оқу іс-әрекетін қорытындылайды.	Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп. өз ризашылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білу: әннің сипатын қабылдау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әуенге сай түрлі қимылдарды орындауды. **Игереді:** музыка сипатына сай, әртүрлі әуенді ажыратуды, салыстыруды, жаңа әннің мәтіндік және музыкалық мағынасын түсінуді,

Меңгереді: өз беттерінше әуенге еркін қозғалуды, әнді нақышына келтіре орындауды, екі түрлі сипаттағы әуенді салыстыруды, тыңдап сезінуді, әңгімелеуді.

Әдіскер: Асият Рамағалова 9

Өтілетін күні:

04.05.2021/06.05.2021

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Достық –біздің тірегіміз» (*халықтар достығы*)

Мақсаты: Балаларға біздің көп ұлтты мемлекет екенімізді айта отырып, балаларды татулыққа, достыққа шақыру. Көңілді әуен арқылы, көңіл күйді көтеруге тарту және әр ұлттардың әндері мен билері туралы қысқаша мәлімет беру. .

Көрнекіліктер/материал: Ұлт өкілдер суреттері, аспаптар, таспалар.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Музыка ауысқанда өз беттерінше жаңа әуенге ілесіп қимылдар жасайды.	Балалар көңілді музыка әуенімен шеңбер бойымен жүріп, қоянша секіріп, құстай ұшып, аюдай қорбаңдап, қасқырдай ырылдап жүреді
Ұйымдық-ізвестру	Ән тыңдау : «Тату доспыз бәріміз» (Е. Меңдешев, Ф.Оңғарсынова) Ән айту: «Достық» (И. Нүсіпбаев, Е. Елубаев) Музыкалық ырғақты қимыл: Әр ұлт өкілдерінен би үзінділері Аспапта ойнау: «Бипыл»	Балалар би ырғағын көріп, тыңдауға тырысады. Ән айтар алдында дауыс жаттығуын жасап, әуенді таза айтуға ұмтылу. Балалармен әннің көңіл күйін анықтау, сипатына көңіл бөлу. Мазмұнына тоқталып, әнді үйрену.
Рефлексітік-түзету	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Бүгін қандай музыка тыңдап, қандай ән үйрендік? Сендерге осы оқу қызметінің қай бөлімі көбірек ұнайды?	Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп. өз ризашылықтарын білдіреді.

Білу: музыка тыңдап, сипаттарын ажырата білу керек..

Игереді: Әнді мәнерлеп айтып, сезіне біледі

Меңгереді: музыка ырғағымен би түрлерін жасауды.

Әдіскер: Асият Рамағалиева

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

11.05.2021 13.05.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Отан қорғаушылар» (ҚР әскері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері)

Мақсаты: Балаларды Отан сүйгіштікке тәрбиелеу. Еліміз тәуелсіздікке қалай жеткендерін әңгімелеп беру. Ардагерлерімізді атау. Ән арқылы қуана білуге үйрету. Әнді көңілді, ынталы жеткізе білуге дағдыландыру. **Көрнекіліктер:** Жеңіс күніне арналған суреттер, таспалар..

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекет
Мотивация-қозғаушы күш	Балаларды залда "Балдырғандар маршы" (К.Қуатбаев) шығармасымен қарсы алады. Орындарында тұрып, жеңіл ырғақ түрлерімен билейді. Жетекші балаларды Панфилов атындағы демалыс паркіне шақырады. "9 мамыр-Жеңіс күні" мерекесіне автобус көлігіне мініп баруды ұсынады. "Ел қорғауға әзірміз" (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев) әнін бірге орындайық. Аялдамадан түскенінен кейін әскери марш ырғағымен жүреді. Бірнеше қатарға тұрып, әскерилердің қимылдарын көрсетеді.	Балалар музыка ырғағымен жұптасып жүруге, билеуге талпынады. Балалар бірінің артынан бірі жүріп, ырғақпен орындарына келеді. Балалар қатарласа жүріп мерекеге аттанады. Әнші бұл бала әнді мәнерлеп айтуға талпынады, балалар қайырмасына қосылып, әскери қимылдарды жасауға тырысады.
Ұйымдық-іздігіру	Жетекші интерактивті тақта, суреттер арқылы Панфилов паркіндегі "Мәңгілік алау" басында жиналған соғыс ардагерлерін, әскерилерді көрсетеді. <i>Музыка тыңдау: "Жеңіс күні"</i> әнін (Д.Тухманов, В.Харитонов)	Балалар "Мәңгілік алау" басына ардагерлердің не үшін жиналғанын түсінуге талпынады. "Жеңіс күні" әнін тыңдайды. Бауыржан Момышұлы

	<p>Сарбаздар сазы» (Қ. Ілиясов) ұнтаспада тыңдайды. Би "Катюша" әніне көңілдене билеуді ұсынады. "Мәңгілік алау" басына гүл шоқтарын қоюды көрсетеді. Бір минут үнсіз тұрып, соғыста қаза тапқандарды еске алуды қайталайды. Ән үйрену: "Ел қорғауға әзірміз" (К.Қуатбаев, М.Әлімбаев)</p>	<p>атындағы ұландардың марш ырғағымен жүріп көрсеткен шеберліктеріне, "Катюша" биіне қызыға қарайды. "Мәңгілік алау" басына гүл шоқтарын қояды.</p> <p>"Сарбаздар" әніне билеуге тырысады.</p>
Рефлексстік-түзету	<p>-Қандай паркте болдық? -Қандай әндер тыңдадыңдар? -Қандай Би ансамбльдерін білесіңдер? Дидактикалық үлестірмелі ойын: "Жанырларды ажырат". Балаларға текшелер таратып беріледі.</p>	<p>Панфилов паркінде "Жеңіс күні", "Момышұлы Бауыржан"</p> <p>Балалар текше арқылы жанырларды ажырата білуге тырысады.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білу: музыка тыңдап, ырғақтарды сезінуді.

Игереді: әскери музыкаларды тыңдап, жанырларды ажыратуды.

Меңгереді: әскери музыканы тыңдап, қосыла ырғақпен билеуді.

әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:
18.05.2021/20.05.2021

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: "Мен жасай аламын."

Мақсаты: музыканы тыңдап, сипаттарын ажырата білу. Әннің мәтінін дұрыс айтып үйрену. Ойындарда эмоциясын ояту. Көрнекіліктер: Плакаттар, суреттер.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекет
Мотивациялық қорғаушылық	1. Балалар көңілді әуенге шеңбер болай қолдарын белге қоя жүріп залға кіреді 2. Сәлемдесу. Балалар музыка аспабына қосыла әуендете сәлемдесу.	Әнді әдемі, әсерлі, көңілді орындау.
Ұйымдастыру ізденушілік	Ән тыңдау: «Мен елімнің ертеңі» М.Мұқашева Ән салу: «Мен өнерлі баламын» М.Омаров Музыкалық ырғақты қимыл: «Кел билейік»	Әннің көңіл-күйін айыра білулері Әнді орындағанда хорға ілесе немесе жеке дауыста аспапқа қосыла орындату керек.
Рефлексік-түзету	Оқу іс-әрекетін қорытындылайды	Балалар сұрақтарға көңілді жауап беріп. өз ризашылықтарын білдіреді.

Күтілетін нәтиже:

Білу: Балалар шеңбер бойын бойлай жүре білу керек.

Игереді: Ән салғанда дауыс ырғақтарын қадағалау.

Меңгерді: би қимылдарын әуенге үйлестіре би элементтерін үйрену.

Әдіскер: *Аманжол*

Өтілетін күні:

Тобы: М.А.Д. «Жауқазын»

25.05.2021/27.05.2021

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Білім облысы: Шығармашылық

Бөлім: Музыка

Тақырыбы: «Біз мектепке барамыз»

Мақсаты: Музыкалық ойын арқылы балаларды жылдамдыққа, ептілікке үйрету арқылы әңгімелесу.

Қызмет кезеңдері	Педагогтың әрекеті	Баланың әрекеті
Мотивация-қозғаушы күш	Жетекші балаларды "Гүлдер вальсі" (П.И.Чайковский) ырғағымен қарсы алады. Би ырғақтарын сезіне билеуге үйретеді. Шеңбермен жүріп, өз орындарына тұруды, жұптарымен ілесе жүруді үйретеді.	Балалар жұптасып, музыка ырғағымен жүруді, орындарына тұруды орындайды. Әнді тыңдап, сөздерін еске сақтауға тырысады. Балалар ойынды көңілді ойнап, әуенді жылдам ескере түсіру арқылы жарысуға тырысады.
Ұйымдық-іздігіру	Б.Бейсенованың "Ұстазға мың тағзым" әнін тыңдауға ұсынады. Балаларды ойынға ұйымдастырылады. "Әуенді тап" ойынының шартын түсіндіреді, екі топқа бөледі, әуенді тыңдап, жарысып айтуға үйретеді. Ән тыңдау: Б.Бейсенованың "Ұстазға мың тағзым" Ән айту: «Біз бақытты баламыз» (Е. Хасанғалиев, Қайрат Жұмағалиев) Музыкалық ырғақты қимыл:	Балалар әнді айтуға, еске сақтауға тырысады. Алған білімдерін саз әуені арқылы жеткізуге тырысады. Музыканы тыңдау, әнді айту, жүргізушіліктерін дамытуға тырысады. Ұлдар би қимылдарын үйренеді. Вальс, полька билерін қайталап еске түсіруге тырысады. Балалар әзілдеуге, қысқа сөзбен қайырып
	«Полька» биі Аспапта ойнау: «Сылдырмақтар» (И. Нүсіпбаев)	жауап қатуға тырысады. Ойынға белсене қатысып, эмоцияларына жақсы әсерін тигізеді.
Рефлексітік-түзету	Жетекші балаларды белсенді қатысқаны үшін мақтайды, мектепке дайындықтарының жоғары екенін айтып мадақтайды.	Балалар белсенді ойнап, қуаныштарын білдірді. Қоштасады.

Күтілетін нәтиже:

Білу: музыка тыңдап, сипатын ажыратуды, жанырларды білуікерек.

Игереді: музыканы тыңдап, аспаптармен ырғақты сезіне ойнауды.

Меңгереді: музыкамен ырғақты сезіне би қимылдарын жасауды.

Әзіскер: 